

**Тақырыбы:** Ресей мемлекетінің саяси жағдайы

**Орындаған:** Серікбаев Н.  
**Қабылдаған:**

Алматы - 2018

## **Ресей (гр.*Ρωσία* — Русь; ресми түрде — Ресей Федерациясы )**

— Азия мен Еуропа құрлықтарында орналасқан мемлекет. Жер аумағы жағынан дүние жүзіндегі ең үлкен мемлекет. Ресеймен Қазақстан арасындағы шекара әлемдегі ең ұзын шекара болып табылады. БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты мүшесі. Ресейдің экономикасы жылына орташа есеппен 7% жылдамдықпен өсуде, бұл дүние жүзіндегі ең жоғары өсу қарқындарының бірі.

# Геосаяси жағдайы

Ресейдің Еуропа мен Азия ортасындағы аралық орны екі дүние бөлігін байланыстырып тұратын өзіндік көпір қызметін атқаруына себепші болады. Бұл елдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін айқындаумен қатар, оның саяси жағдайына да ықпал етеді. Кеңес Одағы мен социалистік жүйенің ыдырауы, ұзаққа созылған экономикалық дағдарыс елдің геосаяси жағдайын өзгертті.

НАТО елдерімен, оның ішінде АҚШ-пен ұзаққа созылған экономикалық бәсекелестік пен жаппай қарулану, "қырғиқабақ соғыс" саясатының аяқталуы Ресейдің сыртқы саясатында бетбұрыс кезең болды. Ендігі жерде Ресей белгілі бір елдер тобына бағдарланған саясат жүргізуге қарағанда, өзінің экономикалық, саяси мүдделеріне сай келетін мемлекеттердің барлығымен өзара тиімді байланыстар орнатуға көшті.

Қазіргі заманғы әлемдегі геосаяси жағдай, ұлттар мен діндер араздығы, халықаралық терроризммен күрес шаралары Еуразияның көптеген аудандарында саяси тұрақсыздықтың орын алуына себепші болды. Бұл жағдайда аймақтағы, әлемдегі саяси жағдайға ықпал ететін ірі мемлекет ретінде Ресейдің рөлі күшейіп келеді. Шекараға жақын аудандарда саяси жағдайдың шиеленісуі Ресейдің мемлекеттік шекараларын нығайтуына ықпал етуде. Ресей Федерациясының бұрынғы одақтас республикалармен шекаралары арнайы келісімдер арқылы толық бекітіліп біткен жоқ. Қазақстанмен шекаралары 2005 жылғы мемлекетаралық келісімдер негізінде толығымен бекітілді. Ресей геосаяси тұрғыда ТМД елдерімен, Еуропалық Одақпен, Азиялық-Тынық мұхиттық аймақ елдерімен жан-жақты байланыстар орнатуға мүдделі. Әсіресе АҚШ, әлемдік экономика мен саясаттың жаңа орталықтары болып табылатын Қытай, Оңтүстік-Шығыс Азия және Үндістанмен қарым-қатынастарды жаңа деңгейге көтеру елдің геосаяси жағдайын нығайта түспекші.

## Ресейдің сыртқы саясат мұрағаты

Ресей Сыртқы істер министрлігінің Мәскеудегі Бас архиві (1832 — 1920) мен Санкт-Петербургтегі Бас архивінің (1834 — 64) біріктірілуі негізінде 1946 ж. құрылған.

1992 жылға дейін Ресейдің сыртқы саясат архиві деп аталды. Онда 1917 жылға дейінгі Ресейдің сыртқы саясатына байланысты 600 мыңға жуық істі құрайтын құжаттар жинақталған. Бұл құжаттар негізінен Ресей империясы Сыртқы істер министрлігінің, шетелдердегі елшіліктер мен консулдықтардың қызметіне тікелей байланысты. Ең көне құжат 16 ғ-ға қатысты. Қорының жалпы саны — 374. Сыртқы істер министрлігінің Санкт-Петербургтегі Бас архиві, Қырғыз-қайсақ ісі, Азия департаменті деп аталатын қорларда патшалық Ресейдің 17 — 19 ғ-ларда Қазақстанға, Түркістан өлкесіне қатысты ұстанған саясатына байланысты құжаттар көптеп кездеседі. Кіші, Орта және Ұлы жүз қазақтарының Ресей бодандығына өтуі мен қазақ жерінде жүргізілген орыс отаршылдығын зерттеуде бұл құжаттардың маңызы зор.

## Ресейдің саясаты – ескі, амалы – жаңа



Украинаның Кеден Одағына кіруіне қарсы белсенділер Путиннің Киевке сапары қарсаңында қарсылық акциясын өткізіп тұр. Киев, 12 сәуір 2011 жыл.

Көрші елдерге күш көрсету – Ресейдің Совет Одағы тарағалы бері пайдаланып келе жатқан ісі. Бірақ қазір Мәскеудің көршілері Еуропаның көмегіне сүйеніп, қарымтасын қайтара алады.

## «РЕСЕЙДІҢ САЯСАТЫ ЕМЕС, ОЙЫН ЕРЕЖЕСІ ӨЗГЕРДІ»

Мәскеудің «жақын шетелдегі» көршілеріне қатысты саясаты сол күйі қалғанымен, пост-советтік аймақтағы ойын ережесі түбірімен өзгерген дейді сарапшылар. Батыс, соның ішінде Еуропа Одағы белсенділік танытып келеді. Мәскеу өз мүддесін қорғауға барынша тырысып бақса, көрші елдер барған сайын батыл әрекет етіп, тәуелсіз саясатқа ұмтылып жатыр.

# Орта Азия елдері үшін таласта Ресей жеңіліс тапты



Жақында британиялық «The Financial Times» басылымында «Қытайдың үлкен ойыны – Орта Азияда әмірлік құру!» атты мақала жарық көрген болатын. Онда инвестор рөліндегі Бейжің Орталық Азияда инициатор рөліндегі Мәскеу амбициясына төтеп беретін посткеңестік республикаларды қайта құруға белсене кіріскендігі туралы айтылған.



# ТРАМП: СИРИЯДАҒЫ РЕСЕЙ САЯСАТЫ «МАСҚАРАҒА» АЙНАЛДЫ

**«АҚШ президенті Дональд Трамптың айтуынша, Сириядағы гуманитарлық дағдарыс Ресейдің Иранмен бірігіп жасаған лас әрекеттері салдарынан болды. Бұл туралы Австралия премьер-министрі Малкольм Тунбуллмен болған баспасөз мәслихатында мәлімдеді», — деп хабарлайды CNN. Оның айтуынша, АҚШ әскері «ислам мемлекетінен» толықтай құтылу мақсатымен Сирияда орналастырылған. «Бізде басқа ешқандай себептер жоқ. Америка орынды әрі өз дегеніндегі мақсатына қол жеткізгені анық. Алайда аралық қысқа мерзімде Ресей мен Иранның жасаған саяси әрекеттері аттарына сай емес, «ұят» болды», — деді АҚШ президенті. Естеріңізге сала кетейік, Сирияда Дамаск маңындағы Шығыс Гутаның жарылысы нәтижесінде жүзден астам бейбіт азамат қаза тапты. Құқық қорғаушылар азаматтардың өліміне Сирия мен Ресейді айыптады.**



**Назар  
аударғандарыңызға  
рахмет!**

